20817930749

Құжатқа қол қойылған: Тәкішева Л. М., 19.03.2024
Құжатқа қол қойылған: Чокморова А. С., 19.03.2024
Құжатқа қол қойылған: Смайлова Т. Х., 16.03.2024

Судья Д.М.Конысбаева

ҚАУЛЫ

2024 жылғы 14 наурыз №2а/279-2024 Шымкент қаласы

Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында төрағалық етуші судья Л.М.Тәкішева,

судьялар А.С.Чокморова, Т.Х.Смайлова,

сот мәжілісінің хатшысы А.А.Серманизованың отыруында,

прокурор А.А.Абдикуловтың, талап қоюшының өкілі Б.Б.Кулатаевтың, жауапкердің өкілі Е.Б.Жылгелдиевтің, аудармашы А.А.Жаксыбаеваның қатысуларымен,

өзінің ашық сот отырысында, қалалық сот ғимаратында талап қоюшы «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Басқарма, тапсырыс беруші) жауапкер «Сити-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі – Серіктестік, мердігер) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық сомасын өндіру туралы талап қоюы бойынша азаматтық ісін

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы шешіміне талап қоюшы өкілінің берген апелляциялық шағымымен қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Басқарма сотқа аталған талап қоюмен жүгініп, оны Серіктестік мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша міндеттемесін тиісінше орындамағанымен негіздеген.

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы шешімімен талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылған.

Талап қоюшының өкілі апелляциялық шағымында сот істің мән-жайларына дұрыс баға бермегенін, материалдық және процестік құқық нормаларын дұрыс қолданбағанын көрсете келе, сот шешімінің күшін жойып, талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығаруды сұраған.

Тараптар өкілдерінің түсініктерін, прокурордың қорытындысын тыңдап, шағым уәждері мен іс құжаттарын зерттеп, алқа төмендегі тұжырымға келді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 427-бабының бірінші бөлігінің 3) 4) тармақшаларына сай, апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға не оны өзгертуге: шешімде баяндалған бірінші сатыдағы сот түйіндерінің істің мән-жайларына сәйкес келмеуі; материалдық немесе процестік құқық нормаларының бұзылуы немесе дұрыс қолданылмауы негіз болып табылады.

6299-24-3-2/273

Құжатқа қол қойылған: Смайлова Т. Х., 16.03.2024 Құжатқа қол қойылған: Чокморова А. С., 19.03.2024 Құжатқа қол қойылған: Такишева Л. М., 19.03.2024

Мұндай кемшіліктерге іс бойынша шешім қабылдау барысында бірінші сатыдағы сот жол берген.

Іс құжаттарынан анықталғандай, тараптардың арасында 2021 жылғы 23 ақпанда жасалған №8 мемлекеттік сатып алу келісім-шартына (бұдан әрі – №8 Шарт) сәйкес Серіктестік «Шымкент қаласының «Тұран» ықшам ауанында блоктарға бөлінген 12 қабатты 66 пәтерлі тұрғын үйлерді салу 2-кезек (4 үйге арналған жобаның қайта қолданылуы) №№24, 25, 26, 27 тұрғын үйлер (сыртқы инженерлік желілерсіз)» нысаны (бұдан әрі – №24, 25, 26, 27 тұрғын үйлер) бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуі тиіс болған. Шарт бойынша атқарылатын жұмыстардың жалпы құны 3435454835,57 теңгені құраған.

Сонымен қатар, тараптардың арасында 2021 жылғы 23 ақпанда жасалған №10 мемлекеттік сатып алу келісім-шартына (бұдан әрі – №10 Шарт) сәйкес Серіктестік «Шымкент қаласының «Тұран» ықшам ауанында 16 қабатты тұрғын үйлер салу (жобаның қайта қолданылуы) №№1, 2 тұрғын үй (сыртқы инженерлік желілерсіз)» нысаны (бұдан әрі – №1, 2 тұрғын үйлер) бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуі тиіс болған. Шарт бойынша атқарылатын жұмыстардың жалпы құны 2546680147,2 теңгені құраған.

№8 Шарт бойынша өндірістік жұмыс кестесіне сәйкес, Серіктестік 2023 жылдың 31 тамызына №24, 25, 26, 27 тұрғын үйлердің құрылыс-монтаждау жұмыстарын толығымен аяқтап, пайдалануға тапсыруы тиіс болған.

Бұдан бөлек, №8 Шарттың 8-тармағы 14) тармақшасына сай, мердігер тарапынан орындаған жұмыстардың актілері (Ф-2,3) және атқарушы техникалық құжаттамалары әр айдың 20-күнінен кешіктірмей тапсырыс берушіге өткізуі тиіс болған.

Алайда, Серіктестік №8 Шарт бойынша 2023 жылдың тамыз айына қарастырылған қаржы 143 528 190 теңге көлеміндегі жұмыстардың актілері мен атқарушы техникалық құжаттамаларды қоса отырып, қабылдау-өткізу актісін тапсырыс берушіге ұсынбаған.

№10 Шарт бойынша өндірістік жұмыс кестесіне сәйкес, Серіктестік 2023 жылдың 30 қыркүйегіне №1,2 тұрғын үйлердің құрылыс-монтаждау жұмыстарын толығымен аяқтап, пайдалануға тапсыруы тиіс болған.

Бұдан бөлек, №10 Шарт бойынша 2022 жылғы 21 қазанда жасалған №10/5 қосымша келісімнің 1-тармағы 30) тармақшасына сай, мердігер тарапынан орындаған жұмыстардың актілері (Ф-2,3) және атқарушы техникалық құжаттамалары әр айдың 20-күнінен кешіктірмей тапсырыс берушіге өткізуі тиіс болған.

Алайда, Серіктестік №10 Шарт бойынша 2023 жылдың тамыз айына қарастырылған қаржы 143 776 633 теңге көлеміндегі жұмыстардың актілері

6299-24-3-2/273

мен атқарушы техникалық құжаттамаларды қоса отырып, қабылдау-өткізу актісін тапсырыс берушіге ұсынбаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

2023 жылғы 8 және 18 қыркүйекте Басқарма Серіктестікке №8 Шарт бойынша 2023 жылдың тамыз айына қарастырылған жұмыстарды орындау және орындалған жұмыстар көлемінің актісін Басқармаға ұсыну керектігі туралы, жұмыстардың уақтылы орындалмау жәйті бойынша 1 148 225 теңге тұрақсыздық айыппұл есептелгені жөнінде №19-05-01/3052 хабарлама және №19-05-01/3130 дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібі бойынша ескерту хатын берген.

2023 жылғы 11 және 17 қазанда Басқарма Серіктестікке №10 Шарт бойынша 2023 жылдың тамыз айына қарастырылған жұмыстарды орындау және орындалған жұмыстар көлемінің актісін Басқармаға ұсыну керектігі туралы, жұмыстардың уақтылы орындалмау жәйті бойынша 1 437 765 теңге тұрақсыздық айыппұл есептелгені жөнінде №19-05-01/3400 хабарлама және №19-05-01/3473 дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібі бойынша ескерту хатын берген.

Алайда, мердігер жұмыстарды өндірістік кестеге сай орындап, тапсырыс берушіге тапсырмаған.

Демек, Серіктестік Шарттар бойынша өз міндеттемесін тиісінше орындамаған.

Сол себепті, Басқарма талап қоюында Серіктестікті мемлекетік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Бірінші сатыдағы сот, талап қоюды қанағаттандырудан бас тарта отырып, жауапкер өз міндеттерін толық қалпына келтірген, талап қоюшы жұмысты қабылдап алған, тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдар болмаған, сондықтан, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз жоқ деген тұжырымға келген.

Соттың бұл тұжырымы негізсіз және істің жоғарыда баяндалып өткен шынайы мән-жайларына қарама-қайшы жасалған. Сонымен қатар, дау айтылған сот шешімінде жауапкердің №10 Шарт бойынша міндеттемені тиісінше орындамау мән-жайларына мүлдем құқықтық баға берілмеген.

Ітің алқада қаралуы барысында белгілі болғанындай, Серіктестік №8 Шарт бойынша 2023 жылдың 31 тамызында аяқталуы тиіс болған №24, 25, 26, 27 тұрғын үйлердің құрылыс-монтаждау жұмыстарын, 2023 жылдың 28 желтоқсанында ғана аяқтап, Басқармаға тапсырған.

Сол мән-жай «Шымкент қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатыснастары басқармасы» мемлекеттік мекемесінен берілген: Шымкент

Құжатқа қол қойылған: Смайлова Т. Х., 16.03.2024 Құжатқа қол қойылған: Чокморова А. С., 19.03.2024 Құжатқа қол қойылған: Такишева Л. М., 19.03.2024
6299-24-3-2/273

Құжатқа қол қойылған: Смайлова Т. Х., 16.03.2024 Құжатқа қол қойылған: Чокморова А. С., 19.03.2024 Құжатқа қол қойылған: Такишева Л. М., 19.03.2024

қаласы, Тұран шағын ауданы, №7/3 (24, 25, 26, 27) мекенжайында орналасқан 12 қабатты тұрғын үй (сыртқы инженерлік желілерсіз) құрылысын пайдалануға қабылдау актісі 2023 жылғы 28 желтоқсанда №75 санымен есепке алынғаны жөніндегі хабарлауымен бекітіледі.

Яғни, дау айтылған сот шешімі қабылданған уақытта Серіктестік №8 Шарт бойынша міндеттемесін орындамаған.

Ал, №10 Шарт бойынша 2023 жылдың 30 қыркүйегіне аяқталуы тиіс болған №1,2 тұрғын үйлердің құрылыс-монтаждау жұмыстарын Серіктестік бүгінгі таңға дейін аяқтамаған және Басқармаға тапсырмаған.

Алқа отырысында жоғарыда көрсетіліп өткен мән-жайларды жауапкер өкілі теріске шығармады.

АПК-нің 79-бабының екінші бөлігіне сай, бір тараптың өзінің талаптарын немесе қарсылықтарын негіздейтін фактілерді екінші тараптың мойындауы алдыңғы тарапты осы фактілерді одан әрі дәлелдеу қажеттігінен босатады. Тарап мойындаған факті сот отырысының хаттамасына енгізіледі. Егер фактіні мойындау жазбаша арызда не электрондық құжат нысанында баяндалған болса, ол іске қоса тіркеледі.

Өз кезегінде, Серіктестіктің №8 және №10 Шарттар бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын шарттарда белгіленген мерзімдерде толық аяқтап, орындалған жұмыстарды Басқармаға тапсырмауы, «Отбасы банк» Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамында жастар және өзге де бағдарламалар бойынша тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін депозиттер ашқан салымшыларға пәтерлерді берудің кешіктірілуіне әкеліп соқтырған.

Баяндалып өткен іс үшін маңызы бар мән-жайлар бірінші сатыдағы соттың назарынан тыс қалған және оларға тиісті құқықтық баға берілмей, шешім қабылдау барысында елеулі түрде заң бұзушылықтар орын алған.

Мұндай жағдайда, алқа, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сай, жауапкердің тарапынан мемлекеттік сатып алу заңнамасын бұзу фактісі орын алғандықтан, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану қажет деп санайды.

Жауапкер өкілінің алқа отырысында келтірген №8 және №10 Шарттар бойынша тараптардың арасында қосымша келісімдер жасалып, олардың әрекет ету мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін белгіленгені жөніндегі уәжі назарға алынуға жатпайды. Өйткені, 2024 жылғы 10 және 18 қаңтарда жасалған №8/6, №10/7 қосымша келісімдерде №8 және №10 Шарттар бойынша мердігердің міндеттемелерді орындау мерзімін ұзарту мәселесі қарастырылмаған.

Бұдан бөлек, Басқарма сотқа берген талап қоюында Серіктестіктен мемлекет пайдасына өндіріс кестесіне сай орындалуы тиіс жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алуына байланысты есептелген 1 148 225 теңге және 1 437 766 теңге көлеміндегі тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

6299-24-3-2/273

Құжатқа қол қойылған: Смайлова Т. Х., 16.03.2024 Құжатқа қол қойылған: Чокморова А. С., 19.03.2024 Құжатқа қол қойылған: Такишева Л. М., 19.03.2024

Істің бірінші сатыдағы сотта қаралуы барысында Серіктестіктің 1 148 225 теңге және 1 437 766 теңге көлеміндегі тұрақсыздық айыбын толығымен төлегені анықталған.

АК-нің 9-бабының 1-тармағында қарастырылғандай, азаматтық құқықтарды қорғауды сот құқық бұзылғанға дейін болған жағдайды қалпына келтіру тәсілімен жүзеге асырады.

Мұндай жағдайда, алқа, бірінші сатыдағы соттың Басқарманың Серіктестіктен тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабын қанағаттандырудан бас тарту жөніндегі тұжырымын дұрыс деп санайды.

Істің мұндай тұрғысында, алқа, іс бойынша қосымша дәлелдемелер жинау қажеттілігі жоқ болғандықтан, сот шешімі өзгертіліп, оның Басқарманың Серіктестікті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын қанағаттандырудан бас тарту бөлігінің күші жойылып, аталған талапты қанағаттандыру жөнінде жаңа шешім шығарылуға, ал, шешімнің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылуға жатады деп санайды. Тиісінше, талап қоюшы өкілінің апелляциялық шағымы ішінара қанағаттандырылуға жатады.

Сонымен қатар, АПК-нің 109-бабының үшінші бөлігіне, 117-бабының бірінші бөлігіне сай, жауапкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж 1 725 теңге өндірілуі қажет.

АПК-нің 423-бабын, 424-бабының бірінші бөлігінің 2) тармақшасын басшылыққа алып, алқа

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы шешімі өзгертілсін.

Шешімнің «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Сити-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын қанағаттандырудан бас тарту бөлігінің күші жойылып, бұл бөлігінде талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылсын.

«Сити-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Сити-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімнің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылсын.

Апелляциялық шағым ішінара қанағаттандырылсын.

Қаулы заңды күшіне жария етілген күннен бастап енеді.

Қаулыға тараптар, іске қатысатын тұлғалар, мүдделері қозғалатын басқа да тұлғалар және олардың өкілдері АПК-нің 436, 440 және 441-баптарының талаптарын сақтай отырып, ол заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде кассациялық тәртіппен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына дау айту туралы өтінішхат беруі мүмкін.

6299-24-3-2/273

Төрағалық етуші Л.М.Тәкішева

Судьялар А.С.Чокморова

Т.Х.Смайлова

Құжатқа қол қойылған: Тәкішева Л. М., 19.03.2024
Құжатқа қол қойылған: Чокморова А. С., 19.03.2024
Құжатқа қол қойылған: Смайлова Т. Х., 16.03.2024
6299-24-3-2/273

Құжатқа қол қойылған: Смайлова Т. Х., 16.03.2024 Құжатқа қол қойылған: Чокморова А. С., 19.03.2024 Құжатқа қол қойылған: Такишева Л. М., 19.03.2024

ЖАДНАМА

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына кассациялық тәртіпте өтінішхат жіберу кезінде

ТЕКСЕРУІҢІЗ қажет:

I. Өтінішхаттың АПК-нің 434-бабының 2-бөлігінің талаптарына сәйкестігін (кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайтын сот актілерінің тізімі);

II. Өтінішхаттың АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкестігін (өтінішхаттың мазмұны). Тапсырма бойынша өкілдік ету АПК-нің 61-бабына сай ресімделеді.

Өтінішхатқа сенімхат, адвокат куәлігі және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама, заң консультанттары палатасына мүшелікті растайтын құжатты міндетті түрде тіркеу қажет.

III. Соттардағы мемлекеттік баж төлеу Салық кодексінің 610-бабына сәйкес жүргізіледі. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату Салық кодексінің 616-бабында көрсетілген. Талап қою бағасы АПК-нің 104-бабының талаптарына сай анықталады («Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 Нормативтік қаулысының 3-тармағы);

IV. Мемлекеттік баж төлеу үшін төлем деректемелері.

Бенефициар: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

БСН: 081240013779

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6205

БКК 108126

ТТК 911

6299-24-3-2/273